

Ғ.ЖҰБАНОВАНЫҢ ХОР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Абишев М. А.

Қазақстан, Алматы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

Abstract. The article of M.A. Abishev investigates the choral work G.Zhubanova lets talk about her individual perception of this musical genre. Individual style and compositional technique G.Zhubanova analyzes on the material its choral works closely with the world view and aesthetic views of the composer.

Қазақ музыкалық мұрасында хорға арналған шығармалар ерекше орын алады. Бұл жанр өткен ғасырдан бері көптеген қазақ композиторларының шығармашылығында дамыды. Хорға арналған шығармаларға қалам тартқандардың бірі композитор, Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор – **Жұбанова Ғазиза** (1927-1993 жж). Бүгінгі таңда Ғазиза Жұбанова шығармашылығы жан-жақты талданып та, талқыланып та бай мұрасы толық зерттеліп жатыр, соған қарамастан, композитордың хор шығармашылығын жеке зерттелуі қашан да өзекті тақырып болмақ. XX ғасырдың екінші жартысындағы отандық музыкалық мәдениетіміздің ұлы шеберлерінің бірі Ғ.Жұбанованың өнері, өз заманының маңызды әрі көркемдік идеясын игерді. Оның жеке музыкалық тілі өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді. Хор музыкасы саласында Ғ.Жұбанова өзінің жаңа және өте маңызды сөзі болып табылады.

Зерттеудің әдістемесі отандық музыкатану дәстүріне сүйенеді және музыкалық драматургия мен мәтіннің тығыз байланысы бар вокалдық жанрдың спецификасымен анықталады. Зерттеу нысанына байланысты вокалдық-хор шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін айқындау мақсатымен хортану талдауына жүгіндік. Өзіндік стилі және композиторлық техникасы оның хор туындыларының композитордың дүниетанымы мен эстетикалық көзқарасымен байланысты талданды. Теориялық базасы болып фольклорист-зерттеушілердің белгілі еңбектері (А.Байгаскина, Б.Ерзакович, С.Зарухова, А.Ибрашева, С.Кузембаева, К.Темирбекова) табылды.

Ғазиза Жұбанова қазақтың қазіргі замандық музыкасының негізін қалаушы. Гнесиндер атындағы Мәскеу музыкалық училищесін, П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясын, профессор Ю.А. Шапориннің композиция класын бітірген. Жұбанова – өзін ұлағатты ұстаз ретінде танытқан тұлға. Оның шәкірттері – Е.Серкебаев, С.Кабилова, Т.Мұхамеджанов және т.б. Консерватория ректоры ретінде ол ұлттық кадрлар – музыкант-орындаушылар мен музыкатанушылардың қалыптасуына ықпал етті. Олардың бірнешеуі әлемдік атаққа ие болды. Мысалы, А.Мұсаходжаева, Г. Мырзабекова, Г.Қадырбекова, Ж.Әубәкірова, Т.Әбдірашев және тағы басқалар. Н.С. Кетегенова Ғ.Жұбанова туралы: «Особенность ее личности и деятельности заключается в том, что она явилась первой женщиной-казашкой, ставшей профессиональным композитором, творчество которой отличается многими индивидуальными чертами» [1, с.10].

Жұбанованың ықпалымен музыкалық мектептер, фольклор және композиторлық шығармашылық мәселелері бойынша диссертациялар қорғала бастады. Жұбанова – өзінің талантын барлық жанрда танытқан шығармашылық диапазоны кең композитор. Оның музыкасы республикадан тыс жерлерде де жақсы танымал. Ол – үнемі ізденіс үстіндегі суреткер болды. Ғ.Жұбанованың музыкасы арқылы қазақ музыка мәдениеті басқа халықтарға белгілі болды. Ол – «Батырлық поэмасы» симфониялық поэмасын, «Жігер» симфониясын, «Еңлік-Кебек», «Жиырма сегіз» операсын, «Ақ құс туралы аңыз» балетін, кантаталар, романстар, эстрадалық музыка, театр мен киноға арналған музыкалар, аралас хорға арналған a'capella: 1953 жылы А.Сарсенбаев өлеңіне жазылған «Жалғыз емен», «Дауыл»; С.Мәуленов өлеңіне жазылған «Батырлықтың биік шыңы», «Жеңеше», «Менің Республикам» (1964 жыл); Әлия Молдагулова естелігіне арналған «Күй-поэма»; 1975 жылы Қ.Мырзалиев өлеңіне

жазылған «Партбилет»; 1987 жылы жазылған «Отан» хор поэмасы және т.б. жазды. Олардың барлығын музыкалық ойлау жүйесінің біртұтастығы, нақтылықтан жалпыға біртіндеп көшу, вокалды орындаудан аспапты орындауға ауысу, сезімнің көрнектілігі, тақырыптық материалдың ашықтығы, ұлттық бояу, ауқымдылық, эпикалық кендік және музыкалық образдардың қарама-қайшылықты мінездері біріктіреді.

Ғ.Жұбанованың шығармашылығының алғашқы қадамдарынан бастап оның музыкалық фольклорға жаңашыл көзқарасы байқалады. Оның сан-алуан нұсқалары композитордың шабытын жаңа бейнелермен байытып, оның туындыларына төлтұма ұлттық колорит пен өзгешелік беріп тұрады. Композитор фольклор өңдеуінің жаңа қырларын тауып, оның классикалық түрлерін сақтай отырып, жаңа бояулар қосып отырады. Оларды ол кәсіби шеберлік дәрежесімен қатар қазіргі кездегі мәнерлеу тәсілдермен үйлестіре отырып, өзінің композиторлық ойларын іске асырады.

Ғ.Жұбанова күрделі және жауапкершілікті тақырыпты іске асыру барысында тарихтың жаңғырығы мен сол кезеңнің тіршілігіне арналған туындылар жазады. Ғазиза Жұбанова поэтикалық тексті өзінше оқып, түсінеді және тыңдаушыға жеткізеді. Сөз оны ұлттық ерекшелігімен және лирикалық сарындылығы қызықтырады. Сондықтан, композитордың шығармашылығында романстар, ән де және хор шығармалары басым келеді.

Ол оның бірінші үлкен шығармасы 1916 жылы болған қазақ халқының патшаға қарсы көтерілісі туралы М.О.Әуезовтың «Түңгі күркіреу» («Ночные раскаты») (1954) пьесасына негізделген. Бұл тақырыпты жалғастыру барысында Х.Ерғалиевтің сөзіне «Дала таңы» («Заря над степью») (1960) атты сегіз бөлімнен тұратын оратория жазылды. Бұл Қазақстандағы бірінші оратория жанрындағы тұңғыш туындылардың бірі болып табылады. Бұларда композитор ірі музыкалық формаларды игергенін, азаматтық соғыстың жалынды кезеңінің ойландыратын оқиғалары туралы дәлелді музыкалық тілімен баяндай алатынын көрсетті. Х.Ерғалиевтің сөзіне жазылған «Мұхтар Әуезов туралы жыр» («Сказ о Мухтаре Ауэзове») атты кантатасында (1965) атақты жазушы, қоғам қайраткерінің айбынды және игілік бейнесіне арналған. Ғ.Жұбанованың «Ленин», «Ленинге хат» («Письмо Ленину»), «Дала таңы» («Заря над степью»), «Адам адамды сүй» («Возлюби человек человека») ораториялары Ш.Айтматов, Р.Гамзатов, О.Сүлейменов, Ю.Ким сияқты көптеген шығармашыл тұлғалардың өлеңіне жазылды. Негізгі идеясы – ішкі адамгершілік және жан-дүниенің тазалығы сезімі әр бөлімінде беріледі.

Оның композиторлық шығармашылығы сол кезеңдегі Кеңес үкіметінің идеологиясы мен эстетикалық көзқарасы мен кеңестік музыкасы үдерісі негізінде қалыптасып дамыды. Ғ.Жұбанованың көптеген шығармалары кеңестік уақыттың идеалдарымен байланысты туды, оған дәлел, туындыларының атауы. Соған қарамастан, авторлық стилінің тамыры қазақтың ұлттық музыкалық-поэтикалық дәстүрі болды. Бұлар орындаушылар, хор және симфониялық оркестрге арналған – «Партия тралы ән» («Песня о партии») Д.Абилевтың өлеңіне (1955 ж), «Ленин туралы ән» («Песня о Ленине») К.Мұхаметхановтың өлеңіне (1959 ж); аралас *a'capella* хорына арналған шығарма – «Менің республикам» С.Мауленовтың өлеңіне (1964 ж), «Партбилет» К. Мырзалиевтың өлеңіне (1975 ж), хор поэмалары «Отан» («Родина») (1987 ж), «Құрбан болғандарға естелік» («Памяти павших») (1988 ж); кантаталар – мерекелік кантата «Ленин бізбен» («Ленин с нами») жеке орындаушылар, балалар және аралас хор мен симфониялық оркестрге К.Шаңғытпаевтың өлеңіне жазылған (1970 ж, Лениннің туғанына 100-жыл толуына арналған), «Партия туралы кантата» («Кантата о партии») орындаушылар, хор және симфониялық оркестрге арналған, К. Шаңғытпаевтың өлеңіне жазылған (1971 ж); ораториялар – «Ленин», 6 бөлімнен тұратын, жеке орындаушылар, балалар және аралас хор, орган және үлкен симфониялық оркестрге арналған Қ.Мырзалиевтың өлеңіне жазылған (1969 ж, Лениннің туғанына 100-жыл толуына арналған), оратория «Лениннің хаты» («Письмо Ленину») («Аральская быль») 5 бөлімнен құралған мәтін оқушы, жеке орындаушылар, домбыра және симфониялық оркестрге арналған, Г.Мүсреповтың әңгімесінің желісімен С.Жиенбаевтың өлеңіне жазылған «24 сағат» («24 часа») (1978 ж).

Сонымен қатар, басқа да шығармалары оратория «Нан мен он» («Хлеб и песня») 5 бөлімнен құралған, жеке орындаушылар, балалар және аралас хор мен симфониялық оркестрге арналған О.Сүлейменовтың сөзіне жазылған (1980 ж), «Күй-поэма» («Кюй-поэма») *a'capella* аралас хорға арналған (Толғау, А.Молдағұловаға арналған, 1974 ж), кантата «Гимн миру» жеке орындаушылар, аралас хор мен симфониялық оркестрге арналған (1986 ж).

«Лениннің хаты» («Письмо Ленина») ораториясында симфониялық оркестрдің аспаптарынан басқа, оркестрлік партитураға дәстүрлі ұлттық музыкалық аспап – домбыраны енгізді. Ораторияның тақырыпшасының – «Арал аңызы» («Аральская быль») – атауымен шығарманың ұлттық байланысын білдіреді. Бұдан тоғыз жыл бұрын жазылған «Ленин» ораториясында домбыраның дыбыс бояуы қосылмайды, дегенмен домбыраның үніне жақын өзіндік лейтмотив ретінде «двухголосный двухтактовый мотив, представляющий собой квартовые созвучия», жүреді [2, с. 277].

Мәдениеттік байланысты ораторияның дәстүрлі жанрларға сүйенуі арқылы көруге болады. Бұл «жоқтау» кіріспенің ортаңғы бөлімнің тақырыбында, «Ленинды жоқтау» («Оплакивание Ленина») 3-бөлімінде, «терме» соңғы бөлімінде, яғни финалда хордың партиясында пайдалануы.

A'capella аралас хорына жазылған Ә.Молдағұловаға арналған «Күй-поэма» («Кюй-поэма») шығармасында кеңестік кезіндегі маңызды батырлық тақырыбы қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі «толғау» жанрында жүзеге асты.

Ғ.Жұбанованың Ш.Айтматов, Р.Гамзатов, О.Сүлейменов, Е.Винокуров, Ю.Друнина, Ю.Ким, В.Вульф сияқты тұлғалардың өлеңдеріне жазылған ораторияларында мәдени қатынастар байқалады, «Возлюби человек человека» (1987 ж) 9 бөлімді әңгімелеуші, жеке орындаушылар, балалар және аралас хор мен симфониялық оркестрге арналған. Музыкасында «Оды к радости» Ф.Шиллердің өлеңіне жазылған Л.В. Бетховеннің 9-симфониясының тақырыбын ораторияның финалында балалар хорына қосуы. Сонымен қатар, Құрманғазының күйлерінің операдағы хорларымен байланысын атап өтуге болады – вокалдық-хордың орындауында «Исатай мен Махамбет туралы баллада» («Баллада об Исатае и Махамбете») сахнасындағы «Кішкентай» күйі, 3-бөліміндегі хордағы «Көбік шашқан» және «Кісен ашқан» күйлерінің интерпретациясында берілуі. Зерттеуші Н.С. Кетегенова «Құрманғазы операсында» Ғ.Жұбанова: «открывает новые пути претворения кюя, значительно расширяя рамки его применения» [3, с. 229].

Күй атасы атанған Құрманғазының өмір жолы мен оның шығармашылық жолына арналған операда, жоғарыда айтқандай казак композиторларының арасында жаңа сұрлеу жол салынды. Күй енді тек оркестрлік бөліктерде ғана емес, кейіпкерлердің ән-арияларында, вокалдық ансамбльдерде, хормен өтетін көлемдік көпшілік сахналарда күйшінің өз тілінде қолданыс тапты. Ал кейбір жеке сахналар тұтастай бір күй тақырыбы негізінде жазылған.

Қазақ өнерінің дамуына лиро-психологиялық «Еңлік - Кебек» операсы ірі және құнды үлес қосты. Операның сюжеті Ленин премиясының Лауреаты М.О.Әуезовтың аттас пьесасына негізделген.

Музыкатанушы С.Кузембайдың айтуынша «Шығармадағы қазақ халқының өмірінің бір тарихи кезеңін қамтитын феодалды-патриархалды қоғамның әр түрлі таптарының арасындағы сан-алуан күйзелістер, ұлттық сана-сезімнің, халықтың психикасының көріністері музыка авторына көркемдік жағынан кең мүмкіндіктер береді. Әуезовтың пьесасының трагедиялық үні және колоритті стилі және сонымен қатар сюжеттің жүрек тебірететін сипатына Ғ.Жұбанованың музыкалық тілінің жетіктігі, көркемділігі және жаңашылдығы, М.Әуезов прозасына үндес болып келеді» [4, с.185].

Опералық драматургия мәселелерін шешу жолындағы жаңашылдық жолдар «Еңлік - Кебекте» хор партиясының басымдылығында көрінеді. Өзінің көп түрлілігімен, әр түрлі формалармен және дамыған полифониялықпен сипатталған хорлар, сюжеттік қақтығулардың негізгі моменттерінде қосылады, дәл «барометр» сияқты маңызды драматургиялық функцияны атқарады – оқиғаларды түсіндіріп, оларға тікелей кірісіп, опера кейіпкерлерімен бірге қайғырып, немесе қуанып, кейде алдын ала не болатынын болжап тұрады.

Прологтағы хор қатал және мызғымас мінездемесімен сипатталады. Оның унисон дауыстары хроматикалық интонациялардан құрылып, бірте-бірте халықтың наразылығын және батылдығын білдіретін күшке ие болады.

Опера архитектуроникасында оқиғалар ерекше көрсетіледі. Мұнда музыка кейіпкерлердің мінездері жауласқан екі жақтың конфликті, олардың өзара қаталдығы арқылы айқын суреттеледі. Опера партитурасының ең тартымды беттері өлім жазасына кесілген Еңлік пен Кебектің пәк сезімін көрсетеді. Әсіресе халықтың соңғы хорының қайғылы музыкасында ғашықтардың трагедиялық шешілген тағдыры ерекше әсер қалдырады. Би сотының көрінісінде

хор конфликттік-трагедиялық оқиғаға кірісіп отырады. Оның әр түрлі характерлік үнінде Еңлік пен Кебектің қайғысына ортақтасу интонациялары естіледі. Ерекше дамыған хор партиясы вокалдық мәнерлеудің және полифониялық стильдің түрлі құралдарымен байытылған. Опера мәңгілік махаббатты жырлайтын финалдық реквием хорымен (халықтың жоқтауы) аяқталады.

Сонымен, XX ғасырдың музыка мәдениетінің көрнекті қайраткері Ғазиза Ахметқызы Жұбанова (02.12.1927-13.12.1993) кәсіпқой композитор болып, әлемге әйгілі және танымал тұлғаға айналған тұңғыш қазақ әйелі.

Ғазиза Жұбанованың шығармашылығы көпқырлы, ол сан алуан жанрларды қамтиды. Ол ораториялар, кантаталар, симфониялар, симфониялық поэмалар, опералар, балеттер, концерттер, хорлар, романстар, әндер, камералық-аспаптық туындылар, спектакльдер мен кинофильмдерге музыка жазды. Өз шығармашылығында дарын иесі халық өнерінің дәстүрлерін сақтай отырып, жарқын, төл ұлттық туындылар жасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кетегенова Н. О жизни и творческой деятельности Г.А. Жубановой // Жизнь в искусстве. Композитор Ғазиза Жубанова. – Алматы, 2003. – С. 10-69.
2. Кетегенова Н. Опера «Курмангазы» А. и Г. Жубановых // Жизнь в искусстве. Композитор Ғазиза Жубанова. – Алматы, 2003. – С. 200-231.
3. Мусина К. Трилогия памяти В.И. Ленина Г. Жубановой // Жизнь в искусстве. Композитор Ғазиза Жубанова. – Алматы, 2003. – С. 274-289.
4. Күзембай С.А. Мусагулова Г.Ж. Касимова З.М. Еңлік-Кебек // Қазақ опералары. – Алматы: «Жібек жолы», 2010. – 296 б.